

«Шын жүректен кітап сыйла»

Мақсаты:Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру,оқу мәдениетін қалыптастыру,достық пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру

Сыйлық жасаудың қуанышын сезіндіру.

Ұқыптылыққа,қамқорлыққа тәрбиелеу.Сөйлеу мәдениетін дамыту.

Қажетті құралдар:Балаларға арналған ертегі кітаптар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері:

Кітап-білім блағы,

Білім-өмір шырағы.

Кітап сыйлап досыңа,

Қуаныш сыйла жаныңа.

II.Кіріспе бөлім.

Тәрбиеші әңгіме жүргізеді.

-Балалар,кітап не үшін керек?

-Сендер қандай ертегі білесіңдер?

«Қызыл телпек», «Бауырсақ», «Алтын балық», « Мақта қыз бен мысық».

Балалар з ойларын айтады.

III.Негізгі бөлім:

1.Кітап туралы әңгіме

Кітапты ққалай ұстау керек?

Неге жыртуға болмайды?

Кітапты қалай күтеміз?

2. «Шын жүректен кітап сыйла»сәті

Балалар алдын ала әкелген немесе балабақша ұйымдастырған кітаптарды бір-біріне сыйлайды.

«мен саған бл кітапты шын жүректен сыйлаймын.Кп оқып,білімді бол!»

3.Көрініс (қысқаша)

«Кітапты күту» тақырыбында шағын сахналық қойылым.

Бір бала кітапты жыртады,екінші бала оны дұрыс пайдалануды үйретеді.

«Кітап оқимыз» қимылды ойын.

Балалар кітап ашып отырғандай қимыл жасайды.

Қорытынды:

-Бүгін не істедік?

-Кітап сыйлау ұұнады ма?

-Кітап бізге не береді?

Күтілетін нәтиже:

Балалардың кітапқа қызығушылығы артады.

Сыйластық,достық,сезім қалыптасады.

Оқу мәдениеті дамиды.

«Шын жүректен кітап сыйла»

«Ақкөгершін» ересек тобы

Тәрбиешілер: Айтмағамбет.Г Альжанова.Ү

2025-2026 оқу жылы